



сенімді | надежное
сақтандыру | страхование

«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бараев к-сі
Нақыт мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмагұл ы/а., 15а
Телефоны: (727) 258-18-00, 258-18-02; факс: (727) 258-18-01

**ТАСЫМАЛДАУШЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР
АЛДЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРИ**

«Мұнай сактандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесі бекіткен
2019 жылғы «24» желтоқсан №02-01/110 хаттама
2019 жылдың 1 кварталдан бастап күшіне енеді

Алматы қ., 2018жыл

МАЗМҰНЫ:

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ.....	4
3.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ.....	4
4.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ	4
5.	ФРАНШИЗА	4
6.	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ	4
7.	САҚТАНДЫРУ АУМАҒЫ.....	6
8.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	6
9.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫң ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ	6
10.	ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	7
11.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН МЕРЗІМІНЕН БҮРЫН ТОҚТАТУ	9
12.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫң ТУЫНДАУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАРДЫҢ МӨЛШЕРИН РАСТАЙТИН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	10
13.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ	11
14.	САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ МІНДЕТИНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ	12
15.	ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҮЛҒАФА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	13
16.	ФОРС – МАЖОР	14
17.	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ	14

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Сақтандырушы»), Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру туралы» № 444-II Заңы және осы тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру ережелерінің (бұдан әрі – «Ережелер») негізінде тасымалдаушылармен, бұдан әрі «Сақтанушылармен», тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – «Сақтандыру шарты») жасайды. Сақтандырушы мен Сақтанушы мәтін бойынша «Тараптар», ал жеке алғанда «Тарап» деп аталады..
- 1.2. Сақтанушының немесе оның өкілінің Сақтандыру шартында қойған қолы оның Ережелер мен Сақтандыру шартының талаптарымен толығымен келісетіндігін растайды.
- 1.3. **Ережелерде қолданылатын негізгі терминдер мен түсінікттер:**
- 1.3.1. **Пайда алушы** – Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 1.3.2. **тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** – тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндегі;
- 1.3.3. **Сақтандырылуышы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 1.3.4. **жолаушы** – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;
- 1.3.5. **жолаушының мүлкі** – тасымалдау кезінде зиян келтірілгені үшін тасымалдаушы жауап беретін жолаушының бағажы және жолаушының өзімен алып жүретін қол жүгі;
- 1.3.6. **тасымалдаушы** – меншік құқығымен немесе өзге де занды негіздерде, калалық рельстік көлікті қоса алғанда, теміржол, теніз, ішкі су, әуе, автомобиль көлігі құралын иеленетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушыларды және олардың мүлкін акы төлеу немесе жалдау бойынша тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;
- 1.3.7. **Жәбірленуши** – тасымалдауды жүзеге асыру кезінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген жолаушы;
- 1.3.8. **Сақтануши** – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтануши бір мезгілде сақтандырылуышы болып табылады;
- 1.3.9. **сақтандыру сыйлықақысы** – сақтануши сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндептемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндепті ақша сомасы;
- 1.3.10. **сақтандыру сомасы** – сақтандыру обьектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 1.3.11. **сақтандыру төлемі** – сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 1.3.12. **сақтандыру жағдайы** – басталуына орай сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 1.3.13. **сақтандыру омбудсманы** – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысуышылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
- 1.3.14. **Сақтандырушы** – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғага (пайда алушыға) шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндепті занды тұлға;
- 1.3.15. **франшиза** – сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.
- 1.4. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандырудың мақсаты сақтандыру төлемін жасау арқылы жолаушылардың оларды тасымалдау кезіндегі мүлкітік мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады.
- 1.5. О Теміржол, теніз, ішкі су, әуе, автомобиль және қалалық рельстік көлікті жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдаумен айналысатын тасымалдаушылар – Қазақстан Республикасы резиденттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндепті сақтандыруға жатады.

- 1.6. Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі тасымалдаушылар мен олардың мүліктерін тасымалдау үшін пайдаланылатын әрбір кілік құралы бойынша сақтандырылуы тиіс.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ

- 2.1. Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру обьектісі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Тасымалдау кезінде жолаушылардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу айғагы сақтандыру жағдайы деп танылады.

4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ

- 4.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында бір сақтандыру жағдайы (сақтандыру сомасы) бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті қолемі бөлек көрсетілуге және кемінде мынадай мөлшерлерді құрауға (айлық есептік көрсеткіштермен):
- 4.1.1. әрбір жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға алып келсе:
- 4.1.1.1. қаза табуға – 5 000;
- 4.1.1.2. мүгедектікің:
- 4.1.1.2.1. I тобы белгіленсе – 5000;
- 4.1.1.2.2. II тобы белгіленсе – 3 500;
- 4.1.1.2.3. III тобы белгіленсе – 2 500;
- 4.1.1.2.4. мүгедек балаға – 5 000.
- 4.1.3. мертігуге, жарақаттануға немесе денсаулықтың мүгедектік белгіленбеген өзге де закымдануына – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 200-ден аспауға;
- 4.1.4. әрбір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 250-ден аспауға тиіс.

5. ФРАНШИЗА

- 5.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жөніндегі франшиза бір сақтандыру жағдайы бойынша және әрбір жәбірленуші бойынша АЕК-тің бес еселенген мөлшерін құрайды.
- 5.2. Келтірілген зиянның мөлшерінен асып кеткен жағдайларда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.
- 5.3. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі франшиза қолданылмай жүзеге асырылады.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

- 6.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырған кезде көлік құралының әр бірлігі үшін жылдық сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшерлері белгіленеді (АЕК арқылы):

№ р/н	Көлік құралының атауы	Жылдық сақтандыру сыйлықақысының мөлшері
6.1.1.	АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІ:	
6.1.1.1.	жесеіл автомобилдер, автобустар, шагын автобустар:	жолаушылар орны 4-ке дейін, қоса алғанда

	жолаушылар орны 4-тен 7-ге дейін, қоса алғанда	5
	жолаушылар орны 7-ден 16-ға дейін, қоса алғанда	11,5
	жолаушылар орны 16-дан 30-ға дейін, қоса алғанда	16
	жолаушылар орны 30-дан көп	23
6.1.1.2.	трамвайлар, троллейбустар	7
6.1.2.	ӘҮЕ КӨЛІГІ:	
6.1.2.1.	ұшақтар:	
	жолаушылар орны 50-ге дейін, қоса алғанда	400
	жолаушылар орны 50-ден 120-ға дейін	990
	жолаушылар орны 120-дан 200-ге дейін	2 180
	жолаушылар орны 200-ден көп	3 820
6.1.2.2.	тікүшақтар	135
6.1.3.	ТЕҢІЗ КӨЛІГІ:	
	жолаушылар орны 50-ге дейін, қоса алғанда	50
	жолаушылар орны 50-ден 100-ге дейін	100
	жолаушылар орны 100-ден 150-ге дейін	150
	жолаушылар орны 150-ден 300-ге дейін	300
	жолаушылар орны 300-ден көп	530
6.1.3.	ПШКІ СУ КӨЛІГІ:	
	жолаушылар орны 50-ге дейін, қоса алғанда	17,5
	жолаушылар орны 50-ден 100-ге дейін	35
	жолаушылар орны 100-ден 150-ге дейін	50
	жолаушылар орны 150-ден 300-ге дейін	90
	жолаушылар орны 300-ден көп	160

6.2. Темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау бойынша іске асырылатын қызмет көрсетуден түсken, тасымалдаушының жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданылу күшінің кезеңі ішінде тасымалдаушының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша алған (алуға тиіс) кіріс сомасының 0,2 пайызын құрайды, бір ай ішінде алынған (алынуға тиіс) кірістен ай сайынғы жарналар түрінде төленеді.

6.3. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін ұлғайту:

6.3.1. Темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтандырушы Ережелердің 6.2. тармағында қарастырылған сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалаудың нәтижелері бойынша, бірақ тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты қолданылатын кезеңінің ішінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдаудан алынған (алынуға тиіс) кіріс сомасының 0,5 пайызынан аспайтын мөлшерге дейін ұлғайтуы мүмкін.

6.3.2. Теміржол тасымалынан басқа, жолаушылар тасымалының өзге де түрлерін жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушы Ережелердің 6.1. тармағыда қарастырылған сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалаудың нәтижелері бойынша ұлғайтуы мүмкін, бірақ ол 2 еседен аспауы тиіс.

6.3.3. Теміржол тасымалынан басқа, жолаушылар тасымалының өзге де түрлерін жүзеге асыратын тасымалдаушыға қатысты Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушы Ережелердің 6.2. тармағыда қарастырылған сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалаудың нәтижелері бойынша ұлғайтуы мүмкін, бірақ ол елу пайыздан аспауы тиіс.

- 6.4. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен немесе ақшаны Сақтандырушының банктік шотына аудару арқылы төленеді.
- 6.5. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушыға Сақтандырушымен келісу арқылы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу мүмкіндігі ұсынылуы мүмкін. Сақтандыру жарналарының мөлшерлері мен оларды төлеу мерзімдері Сақтандыру шартымен анықталады.
- 6.6. Сақтандыру шартында өзге түрі қарастырылмаса, Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын/бірінші сақтандыру жарнасын төлеу міндетті Тараптардың үекілдегі өкілдері Сақтандыру шартына қол қойған күннен бастап туындаиды.
- 6.7. Кезекті сақтандыру жарнасы дер кезінде төленбеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353 бабында белгіленген тәртіп пен мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті болады.

7. САҚТАНДЫРУ АУМАҒЫ

- 7.1. Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шартта өзге түрі қарастырылмаса, Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында қолданыста болады.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру Сақтанушы мен Сақтандырушының арасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалатын Сақтандыру шартының негізінде жузеге асырылады.
- 8.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының электронды нысанда сақтандыру полисін ресімдеуі арқылы жасалады. Сақтандыру шартын жасауға Сақтанушының өтініші негіз болады.
- 8.3. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандыруши сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға Ережелер мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жузеге асыруға міндеттенеді.
- 8.4. Сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық болмағаны үшін Сақтандыруши жауапты болады. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
- 8.5. Сақтандыру шартына барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша нысанда ресімделген және оларға Тараптардың үекілдегі өкілдері қол қойған жағдайда занды күшке ие болады.

9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ

- 9.1. Сақтандыру шарты Ережелерге сәйкес жәбірленешілер болып танылған барлық тұлғага қатысты қолданылады.
- 9.2. Сақтандыру шарты күшине енген күннен бастап он екі ай мерзіміне жасалады. Егер тасымалдаушының жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыру құқығы он екі айдан төмен мерзім ішінде аяқталатын болса, онда Сақтандыру шарты тек осы мерзімге ғана жасалады.
- 9.3. Сақтандыру шарты он екі айдан төмен мерзімге жасалатын жағдайда, сақтандыру сыйлықақыларының төмендегі мөлшері белгіленеді:

№ р/н	Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайыздар арқылы)
1	1 айды қоса алғанға дейін	20
2	1 айдан 2 айды қоса алғанға дейін	30
3	2 айдан 3 айды қоса алғанға дейін	40
4	3 айдан 4 айды қоса алғанға дейін	50
5	4 айдан 5 айды қоса алғанға дейін	60
6	5 айдан 6 айды қоса алғанға дейін	70
7	6 айдан 7 айды қоса алғанға дейін	75
8	7 айдан 8 айды қоса алғанға дейін	80

9	8 айдан 9 айды қоса алғанға дейін	85
10	9 айдан 10 айды қоса алғанға дейін	90
11	10 айдан 11 айды қоса алғанға дейін	95
12	11 айдан жоғары	100

- 9.4. Теміржол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушы жасаған Сақтандыру шартына қатысты 9.2. тармақ қолданылмайды.
- 9.5. Сақтандыру шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықтақысын төлеген, ал оны бөліп төлеу жағдайында - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап қүшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады.
- 9.6. Сақтандыру шарты тұтастай сақтандыру мерзімінің ішінде қолданыста болады және бірінші сақтандыру жағдайының басталуы бойынша қолданылуын тоқтатпайды.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

10.1. Сақтануши томендегілерге құқылы:

- 10.1.1. Сақтандырушыдан тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 10.1.2. сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның дубликатын алуға;
- 10.1.3. Жәбірленушінің денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;
- 10.1.4. Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған, келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисабымен танысуга;
- 10.1.5. Ережелердің 17 бөлімінде қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындастын мәселелерді реттеу үшін сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 10.1.6. Ссақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 10.1.7. өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;
- 10.1.8. Ережелерде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;
- 10.1.9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға.

10.2. Сақтандырушы томендегілерге құқылы:

- 10.2.1. Сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтанушыдан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осының алдындағы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы акпаратты беруін талап етуге;
- 10.2.2. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу айғағын және Жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 10.2.3. көлік оқиғасының себептерін және өзге де мән-жайларын анықтау үшін Жәбірленушінің зақымдалған (жойылған) мүлкіне бағалау жүргізуғе;
- 10.2.4. Жәбірленушінің денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;
- 10.2.5. Ережелердің 15 бабында көзделген жағдайларда келтірілген зиян үшін жауапты тұлғага кері талап қоюға;
- 10.2.6. Ережелердің 14 бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға;
- 10.2.7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға.

10.3. Жәбірленуші томендегілерге құқылы:

- 10.3.1. Сақтандырушыға Сақтанушының (Сақтандырылушиның) жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыруы нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;
- 10.3.2. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауга және оларды Сақтанушымен (Сақтандырылушимен) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған Сақтандырушыға беруге;
- 10.3.3. денсаулыққа және/немесе мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;
- 10.3.4. Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған, келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисабымен танысуға; Ережелерде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 10.3.5. 10.3.6. тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындастын мәселелерді реттеу үшін Ережелердің 17 бөлімінде қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 10.3.7. өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;
- 10.3.8. келтірілген зиянды өтеу туралы тасымалдаушыға талап қоюға.
- 10.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда, Жәбірленушінің Ережелердің 10.3. тармағында белгіленген құқықтары Пайда алушылар ретінде әрекет етуші өзге тұлғаларға өтеді.

10.5. Сақтанушы төмендегілерге міндетті:

- 10.5.1. Сақтандыру шартын жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді Сақтандырушыға ұсынуға;
- 10.5.2. Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 10.5.3. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап шұғыл түрде, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей, қолдан келетін тәсілмен (ауызша, жазбаша) бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Ауызша нысандагы хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша түрде расталуға тиіс. Сақтанушы мен сақтандырылуши бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау жөніндегі міндет сақтандырылушиға жүктеледі. Егер сақтанушының (сақтандырылушиның) дәлелді себептермен аталған іс-әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжат жүзінде растауы тиіс.

10.6. Сақтандыру жағдайы туындаған уақытта Сақтанушы төмендегілерге міндетті:

- 10.6.1. сақтандыру жағдайы басталған кезде ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда дұрыс және қолдан келетін шаралар алуға, оның ішінде мүлікті құтқаруға және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету шараларын қолдануға;
- 10.6.2. сақтандыру жағдайы және зардап шеккен адамдар туралы тиісті органдарға олардың құзыретіне қарай (жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі үекілді органның бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, авариялық қызметтерге) хабарлауға;
- 10.6.3. көліктегі сақтандыру жағдайы туралы акт жасауға;
- 10.6.4. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 10.6.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де іс-әрекеттерді жасауға;
- 10.7. Сақтанушының Ережелердің 10.6.1., 10.6.2. және 10.6.5. тармақшаларында көрсетілген міндеттері сақтандыру жағдайы орын алған уақытта көлік құралын тікелей басқаратын тұлғаға жүктеледі.

10.8. Сақтандырушы төмендегілерге міндетті:

- 10.8.1. сақтанушыны (сақтандырылушины) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, оның ішінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті

- сақтандыру шартынан туындайтын тараптардың құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;
- 10.8.2. тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау кезінде сақтанушыға (сақтандырылуышыға) сақтандыру полисін ресімдеуге;
- 10.8.3. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алғынған кезде оны шүғыл түрде тіркеуге;
- 10.8.4. сақтандыру жағдайының басталу айғағын және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және/немесе дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
- 10.8.5. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алғынған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша келтірілген зиянның мөлшеріне бағалау жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисабын көрсете отырып сақтандыру актісін жасауға және оны танысу үшін Пайда алушыға ұсынуға;
- 10.8.6. сақтандыру жағдайы басталған кезде Ережелерде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жасауға;
- 10.8.7. сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талабын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 10.8.8. сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған коса берілетін құжаттарды алғынған күннін бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;
- 10.8.9. Сақтанушыға (Сақтандырылуышыға) олардың сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатымен жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 10.8.10. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 10.8.11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де іс-әрекеттерді жасауға.

11. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН МЕРЗІМІНЕҢ БҮРЫН ТОҚТАТУ

- 11.1. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылған болып есептеледі.
- 11.2. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін Сақтанушы (Сақтанушы қайтыс болған жағдайда - оның мұрагері (мұрагерлері) Сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.
- 11.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан және осы сақтандырушымен тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың жаңа шартын жасасқан кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:
- ССБ = СС * n/N, мұнда:**
- ССБ** – сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);
- СС** – тасымалдаушыны міндетті сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);
- n** – тасымалдаушыны міндетті сақтандыру шарты құшіне енген күннен бастап, өтініш жасалған күнді қоса алғанда, оны мерзімінен бұрын тоқтатқан күнге дейін өткен мерзім (күнмен);
- N** – тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған мерзім (күнмен).
- 11.4. Осы Ережелердің 11.3. тармағында қарастырылған шарттар сақталмаған кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:

№ р/н	Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты құшіне енген кезден бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылған кезге дейін өткен мерзім	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайыздар арқылы)
1	2	3

1	1 айды қоса алғанға дейін	20
2	1 айдан 2 айды қоса алғанға дейін	30
3	2 айдан 3 айды қоса алғанға дейін	40
4	3 айдан 4 айды қоса алғанға дейін	50
5	4 айдан 5 айды қоса алғанға дейін	60
6	5 айдан 6 айды қоса алғанға дейін	70
7	6 айдан 7 айды қоса алғанға дейін	75
8	7 айдан 8 айды қоса алғанға дейін	80
9	8 айдан 9 айды қоса алғанға дейін	85
10	9 айдан 10 айды қоса алғанға дейін	90
11	10 айдан 11 айды қоса алғанға дейін	95
12	11 айдан жоғары	100

12. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТҮҮНДАУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

- 12.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылуши) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға жазбаша нысанда сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттармен қоса ұсынады:
- 12.2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:
- 12.2.1. сақтандыру жағдайының басталу айғағын және Жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;
- 12.2.2. көліктегі сақтандыру жағдайы туралы тасымалдаушы жасаған акт, онда төмендегі мәліметтер болуы тиіс:
- 12.2.2.1. Жәбірленушінің тегі, аты, әкесінің аты;
- 12.2.2.2. көлік түрі;
- 12.2.2.3. рейс нөмірі, поезд нөмірі, кеменің атауы және т.б.;
- 12.2.2.4. жол жүру бағыты;
- 12.2.2.5. сақтандыру жағдайының болған орны, күні және уақыты;
- 12.2.2.6. жәбірленушіде болған жол жүру билетінің сериясы және нөмірі;
- 12.2.2.7. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зақымдардың сипаты;
- 12.2.2.8. Жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зақымдардың сипаты;
- 12.2.2.9. сақтандыру жағдайының мән-жайына қысқаша сипаттама;
- 12.2.2.10. тексеру жүргізуді жүзеге асыратын құзыретті органның атауы;
- 12.2.2.11. Жәбірленуші жіберілген медициналық мекеменің атауы және орналасқан жері;
- 12.2.2.12. көлік үйімі не көлік құралы басшысының тегі, аты, әкесінің аты және қолы;
- 12.2.2.13. тексеру жүргізуді жүзеге асыратын құзыретті орган өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және қолы;
- 12.2.2.14. тасымалдаушының мөрі.
- 12.2.3. жолаушыға билет берілген жағдайда - жол жүру билеті немесе оны алмастырған құжат (билеттерді сату) ведомосының немесе билет түбіртегінің тасымалдаушы растаяған көшірмесі) немесе Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тартиппен ресімделген күә айғақтары;
- 12.2.4. Жәбірленушіге енбекке уақытша қабілетсіздіктің мерзімі туралы деңгээлдік сипату үйимдары анықтамасының немесе мамандандырылған мекемелердің мутеделлік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі - ол белгіленген жағдайда;
- 12.2.5. Жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы күәліктің нотариат куәландырған көшірмесі және Пайда алушының зиянды өтеттіру құқығын растайтын құжат (көшірмесі) - Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда;
- 12.2.6. Жәбірленушінің жоғалған, жетіспеген немесе зақымдалған (булінген) мұлжалын пәбесі - мүлікке зиян келтірілген жағдайда;

- 12.2.7. сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылушиның) залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар - олар болған кезде.
- 12.3. Сақтандырушының Сақтанушыдан (Сақтандырылушидан) немесе Жәбірленушіден басқа да қосымша құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.
- 12.4. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олар қабылдаған күнді көрсете отырып анықтама беруге міндетті. Сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) электронды нысанда сақтандыру төлемі туралы талап қойған жағдайда, сақтандырушы оған бұл анықтаманы электронды нысанда бере алады.
- 12.5. Сақтанушы (Сақтандырылуши) сақтандыру төлемін жасауға қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде оған жеткіліксіз құжаттар туралы хабарлауға міндетті болады.

13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

- 13.1. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Ережелерде қарастырылған барлық құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде төлейді.
- 13.2. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген, қайтыс болуга немесе мүгедектік белгіленуіне әкеп соққан зиян үшін сақтандыру төлемі Ережелердің 4.1. тармағында белгіленген Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті мөлшерінде жүзеге асырылады.
- Жолаушының өмірі мен денсаулығына тасымалдау кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі тасымалдаушының кінәсіне қарамастан өтеуге жатады.
- 13.3. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес белгіленген, сақтандыру төлемі күнгі АЕК пайдаланылады.
- 13.4. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі оған (зиянды өттеттіруге құқығы бар тұлғаларға) басқа сақтандыру шарттары бойынша тиесілі сомаға қатыссыз жүзеге асырылады.
- 13.5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырган кезде Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.
- 13.6. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленушіні жерлеуді жүзеге асырган тұлғага сақтандырушы бір жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеуге арналған шығыстарды өтейді.
- 13.7. Жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян жолаушының тасымалдаушы тасымалдауға қабылдап алған және (немесе) жолаушының жаңындағы (қолындағы), тасымалдау кезінде жоғалған, жетіспеген немесе закымдалған (булінген) мүлкінің (багаж) құнын камтиды.
- 13.8. Багаж және/немесе жолаушының жаңындағы (қолындағы) заттар тасымалдаушының кінәсінен жоғалған, жетіспеген және/немесе закымдалған (булінген) кезде келтірілген зиянның мөлшері мынадай түрдө:
- 13.8.1. багаж, сондай-ақ жолаушының жаңындағы (қолындағы) заттар жоғалған немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған немесе жетіспеген багаждың және/немесе жолаушының жаңындағы (қолындағы) заттардың құны мөлшерінде;
- 13.8.2. багаж, сондай-ақ жолаушының жаңындағы (қолындағы) заттар закымдалған (булінген) жағдайда - олардың төмендеген құны сомасының мөлшерінде, ал закымдалған багажын, сондай-ақ жолаушының жаңындағы (қолындағы) заттарды қалпына кітірүте мүмкіндік болмаған кезде - олардың құны мөлшерінде;
- 13.8.3. тасымалдауға құны жарияланып тапсырылған багаж жоғалған жағдайда - багажтың жарияланған құны мөлшерінде айқындалады.
- 13.9. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ тасымалдау кезінде жолаушылардың жүркіне келтірілген зиянның мөлшерін дәлелдеу сақтанушыға (сақтандырылушиға) жүктеледі.
- 13.10. Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша өтінішімен сақтандырушы айқындауды.
- 13.11. Егер Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы өздері сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарды алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде жоғалған, жетіспеген немесе закымдалған (булінген) мүлкіті тиісті қарауды және мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды сақтандыру актісін жасай отырып жүргізбеген болса, онда Сақтанушы (Сақтандырылуши) немесе Жәбірленуші тәуелсіз сарапшы көрсетеп көзметтерді пайдалануға және мүлкіті қалпына келтіруді (кәдеге жаратуды) бастаута құрайыла. Бұл ретте Сақтандырушы, егер закымдалған (жойылған) мүлкіті уақытынан баралуудың жумасы

- болмағандығы дәлелді себептерге (осы мүлік иесінің қайтыс болуы, сырқаттануы) байланысты екендігін немесе Сақтанушының (Сақтандырылушиның) немесе жәбірленушінің мүлкіті бағалауға ұсынудан жалтаруына байланысты кінәсі бар екендігін дәлелдей алмаса, мүлкке келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелеріне дау айтуға құқылы болмайды.
- 13.12. Мүлкке келтірілген зиянның мөлшеріне Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған бағалаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылуши) немесе Жәбірленуші зиянның мөлшерін бағалау үшін басқа тәуелсіз сарапшыға жүгінуге құқылы. Бұл орайда, Сақтанушы (Сақтандырылуши) немесе Жәбірленушіде туындаған шығындар, егер жүргізілген бағалаудың негізділігі мен объективтілігін Сақтандырушы мойындаса немесе сот белгілейтін болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің жүзеге асырылғанына қарамастан, өтеуі тиіс.
- 13.13. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) шығындарды boldырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, тиісті шаралар сәтсіз болғаның өзінде, Сақтандырушының өтеуіне жатады. Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығыстар Сақтанушының Сақтандырушы нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз, толық мөлшерінде өтеледі. Аталған шығыстарды Сақтандырушы шығынға ұшыраған адамға тікелей өтейді.
- 13.14. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес зиянды өттегіруге құқылы тұлға), сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылуши) немесе Жәбірленушіге (зиянды өттегіруге құқығы бар тұлға) келтірілген зиянды Ережелерде белгіленген Сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға Пайда алушы болып табылады.
- 13.15. Жәбірленушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі оның денсаулығын және /немесе мүлкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен (көрсетуші) тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.
- 13.16. Сақтандыру сомасы келтірілген зиянды толығымен өтеу үшін жетпеген кезде Сақтанушы Жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырмашылықты өтейді.
- 13.17. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне Пайда алушы дау айтқан жағдайларда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін Ережелердің 13.1. тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі қарсылық білдірмеген бөлігінде шұғыл түрде жүзеге асыруға міндетті. Сақтандыру төлемінің дау айттылған бөлігін Сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, немесе, егер сот шешімді шұғыл түрде орындауды ұйғармаса, осы дау бойынша соттың шешімі занды қүшінә енген күннен бастап төлеуге тиіс.
- 13.18. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқкан оқиғаның нәтижесінде Жәбірленушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсө) не қайтыс болса, онда Сақтандырушы Жәбірленушіден (Пайда алушыдан) келіп тұсken өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, сақтандыру төлемінің сомасына Ережелер мен Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде қайта есептеу жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.
- 13.19. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыз айыбын төлеуге міндетті.

14. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ МІНДЕТИНЕҢ БОСАТУ НЕГІЗДЕМЕЛЕРИ

- 14.1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:
- 14.1.1. ядролық жарылыстың, радиациялық немесе радиоактивті улану эсерінің;
- 14.1.2. соғыс қымылдарының;
- 14.1.3. азамат соғысының, түрлі сипаттағы халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің салдарынан туған болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

- 14.2. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:
- 14.2.1. қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
- 14.2.2. Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуга құқылы.
- 14.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін, сондай-ақ:
- 14.4. сақтанушының, сақтандырылушиның, пайда алушының залалдың тиісті өтемін залал келтіруге кінәлі тұлғадан алуы;
- 14.4.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға уақтылы хабарламау немесе хабарламай қою, егер бұл дәлелді себептерге байланысты болса және сақтандыру жағдайының басталғаны, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені туралы айғақты растайтын тиісті құжаттар ұсынылса және мүлік бағалау үшін сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі күйінде ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды.
- 14.4.2. жәбірленушінің мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, құмістен жасалған бұйымдар, құнды заттар, әсемдік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түрінде зиян келтіруі негіз болуы мүмкін.
- 14.5. Жәбірленушінің тауарларды жеткізуіндің немесе жұмыстарды жүргізуіндің (қызметтер көрсетудің) мерзімдерін, оның келісімшарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерді бұзына байланысты мүліктің тауар құнын жоғалтуды, шығындарды (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.) қоса алғанда, сақтандыру арқылы Жәбірленушінің моральдық зияны, жіберіп алынған пайда өтелмейді.
- 14.6. Сақтандырушы Ережелер мен Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаган негізdemeler бойынша сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқылы болмайды.
- 14.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бағ тарту үшін негіздер болған кезде өтінішті және барлық құжатты алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді бас тарту себептерін уәжді түрде негіздей отырып, жазбаша нысанда жіберуге міндетті.
- 14.8. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуын Сақтанушы/Пайда алушы сотқа жүгініп, даулауға құқылы болады.

15. ЗИЯН КЕЛТИРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

- 15.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушиға) төленген сома шегінде мынадай жағдайларда:
- 15.1.1. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның, қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекетін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері салдарынан басталса;
- 15.1.2. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольге, есірткіге немесе уытқұмарлыққа мастық күйі жүргізуі салдарынан басталса;
- 15.1.3. көлік құралын жүргізуі адамның оны жүргізу құқығы болмаса;
- 15.1.4. соттың істі қараша барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының техникалық жағдайында салдарынан болғаны, олар туралы Сақтанушының (Сақтандырылушиның) билгесі немесе білуге тиісті екені анықталса;
- 15.1.5. көлік құралы оның техникалық сипатына сай емес максаттарға пайдаланылса;
- 15.1.6. Сақтанушы (Сақтандырылышы) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды жөніндегі шараларды қасақана қолданбаған кезде кері талап қоюға құқығы.
- 15.2. Ережелердің 15.1. тармағында санамаланған жағдайларда келтірілген зиянта жөніндегі шараларды қасақана қолданбаған кезде кері талап қоюға құқығы.

- 15.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылушиның) Сақтандырушы сақтандыру нәтижесінде өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға қатысты кері талап құқығы ауысады.

16. ФОРС – МАЖОР

- 16.1. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындаған немесе тиісті тұрде орындаған Тарап міндеттемені тиісті тұрде орындаудың тежеусіз күш салдарынан, яғни төтенше және аталған жағдайларда алдын алу мүмкін болмайтын оқиғалардың салдарынан орын алғандығын дәлелдейтін болса, мүліктік жауапкершілік алмайды.
- 16.2. Форс-мажор жағдайларына мына жағдайлар кіреді, бірақ мұнымен шектелмейді: су басу, өрт, жер сілкінісі және басқа да апатты жағдайлар, соғыстар мен кез келген сипаттағы өскери і-сәрекеттер, қоршауға алу, мемлекеттік органдардың тыйым салуы.
- 16.3. Форс-мажор жағдайларына тап болған Тарап мұндай жағдайлардың туындағандығы туралы екінші тарапқа 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде хабарлауға міндетті болады.
- 16.4. Форс-мажор жағдайларының туында айғағы құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы керек.

17. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

- 17.1. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша дауларды реттеу ерекшеліктері:
- 17.1.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаітын дау болған кезде сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы):
- 17.1.1.1. талаптарын көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушиның филиалы, өкілдігі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге, немесе
- 17.1.1.2. тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаітын дауларды реттеу үшін өтінішін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандыруши, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.
- 17.1.2. Сақтандыруши сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.
- 17.1.3. Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандыруши сақтанушының, жәбірленушінің (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.



Прошито и пронумеровано:

- казахская версия Правила страхования на 14 листах